

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 14)


№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Микропланшеттік шейкер	Жылдамдықты реттеу диапазоны: 300–3200 айн/мин (қадам – 100 айн/мин) Араластыру бағдарламалары: - VORTEX («Вортекс»): 3200 айн/мин - HARD («Қатты»): 2600 айн/мин - MEDIUM («Орташа»): 1800 айн/мин - SOFT («Жұмсақ»): 1000 айн/мин - CUSTOM («Реттелетін»): жылдамдықты еркін орнату мүмкіндігі Уақытты цифрлық орнату: 0–60 минут (қадам – 15 секунд) / үздіксіз режим Таймер дыбыстық сигналы Үздіксіз жұмыс істеудің ең ұзақ уақыты: 8 сағат және одан көп (ұзақ үзілістермен) Орбита: 3 мм Жылдамдықты максималды деңгейге жеткізу уақыты: 5 секунд Максималды жүктеме: 0,3 кг Араластыру алгоритмі: «Pulse Mode» Вортекс функциясы ендірілген Өлшемдері (Ұ×Е×Б): 225 × 215 × 150 мм Салмағы: 5,1 кг Жеткізу жинағына 0,2 мл-лік 96 пробиркаға немесе белдеусіз / жартылай белдеулі ПЦР планшетіне арналған Р-02/96 платформасы кіреді.	1
	Барлығы		1

Қаржы және Халықаралық байланыстар
вице-ректоры



М. Гиритлиоглу

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А. Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т. Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауардың құнына қажет болған жағдайда монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқыту да енгізілуі тиіс

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары: алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу уақыты: тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

